



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 9% деңгейде сақтау туралы

2018 жылғы 9 шілде

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі +/-1% дәлізбен базалық мөлшерлемені 9% деңгейде сақтау туралы шешім қабылдады. Жылдық инфляция 2018 жылғы нысаналы дәліз ішінде және Ұлттық Банктің бағалауы бойынша оның одан арғы серпіні 2018 және 2019 жылдардағы нысаналы дәліз шегінде қалыптасатын болады. Алайда, сыртқы сектор және бюджеттік саясат тарапынан инфляциялық тәуекелдердің қысқа және орта мерзімді перспективада іске асуының ықтималдылығы ағымдағы жылғы ақша-кредит талаптарын жұмсару әлеуетін шектейді.

Инфляция Ұлттық Банктің бағалауына сәйкес төмендеу үрдісті жалғастырып отыр. 2018 жылғы бірінші жартыжылдықта оның деңгейі өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда (3,7%) барынша төмен көрсеткіштерді (2,6%) көрсетеді, бұл жылдық инфляцияның маусымда 5,9%-ға дейін баяулауын қамтамасыз етті. Инфляция деңгейінің төмендеуіне агро азық-түлік нарықтарындағы үрдістердің барынша қолайлы маусымдық ықпалы және ішкі өнім өндірушілердің тұтыну тауарларына арналған бағасының өсу қарқынының баяулауы себепші болды.

Алайда, статистикалық есептеулер кезінде ескерілетін инфляция деңгейінің өткен жылғы 3-тоқсанда жоғары болмауынан Ұлттық Банктің бағалауы бойынша ағымдағы жылдың соңына дейін жылдық инфляцияның айтарлықтай баяулауы күтілмейді.

Халықтың инфляциялық күтулері салыстырмалы орнықтылықты көрсетіп отыр. Бір жыл алға күтілетін инфляцияны сандық бағалау маусымда ағымдағы жылдың ақпан және мамыр айларының деңгейінде 6,0% болды. Күтулердің наурыздағы (неғұрлым төмен) және сәуірдегі (неғұрлым жоғары) өзгеруі ағымдағы нарықтық жағдайлардың әсер етуін көрсетті.

Халықтың **инфляцияны қабылдауы** жақсаруда. Пікіртерімнің «тауарлар мен қызметтердің өткен 12 айдағы бағасы бұрынғыға қарағанда, жылдамырық өсті» деп санайтын респонденттерінің үлесі маусымда бақылау жасалып отырған бүкіл кезеңдегі ең төменгі деңгейде

қалыптасып, 44,2%-ды құрады. Тұтыну бағасының өткен жылға қарағанда төмендегенін немесе төмендеп отырған серпінін атап өткен респонденттердің үлесінің ең жоғары тарихи мәнді – 22,5% көрсетіп отыр.

Экономикалық белсенділіктің өсу серпіні оң болып қалуда. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор қаңтар-мамырда жылдық көрсеткіш бойынша 5,1%-ды құрады. Өсуге оң үлесті негізгі салалар – тау-кен өндіру және өңдеуші өнеркәсіп, байланыс, сауда, көлік және ауыл шаруашылығы қосты.

Бұл ретте экономикалық өсудің көрсеткіштері өзінің әлеуетті мәндерінен жоғары және оны ішкі және сол сияқты сыртқы тұтынушылық және инвестициялық жиынтық сұраныстың кеңеюі ұстап тұр, бұл экономикаға проинфляциялық қысым жасайды. Тұтынушылық жиынтық сұраныстың кеңеюін қамтамасыз етуді жалғастыратын факторлардың бірі бюджет саясатының әлеуметтік бағыты болып қалады.

Сыртқы нарықтардағы ахуал түрлі бағытты көрсетіп отыр.

Мұнай бағасының серпіні оң әсерін жалғастыруда, баға бір баррель үшін 70 АҚШ доллары көрсеткіштерінен жоғары болып қалыптасты, сарапшылардың бағаның бұдан былайғы серпіні жөніндегі болжамдары қолайлы болып қалуда.

Маусымда жыл басынан бастап алғаш рет азық-түлікке деген халықаралық бағалардың төмендеуі байқалды. FAO бағалар индексі 1,3%-ға төмендеді, бұл елдер арасындағы сауда шиеленісінің күшеюімен байланысты. Астық бағасының төмендеуі байқалды. Алайда негізгі дәнді дақылдар өндірісі бойынша болжамдар нашарлауда, бұл инфляциялық аяны күшейтуі мүмкін.

Орта мерзімді кезеңде саудадағы негізгі әріптес елдерде инфляция деңгейінің күтілетін көтерілуіне байланысты проинфляциялық қысымның болуы ықтимал.

Маусымда сыртқы монетарлық талаптарды қатаңдату нәтижесінде АҚШ долларының әлемдік нарықтарда күтілетін нығаюы және теңгені қоса алғанда, дамушы елдердің валюталарынан капитал ағындары бағытының АҚШ долларына өзгеруі байқалды. Атап айтқанда, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының көлемі бейрезиденттерде ағымдағы жылғы наурыз – маусым аралығында 454 млрд. теңгеден 241 млрд. теңге дейін төмендеді, бұл теңге әлсіреуі факторларының бірі болды.

Ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде қалуды жалғастыруда. Орнықсыз сыртқы факторлар мен проинфляциялық тәуекелдердің іске асырылуы ықтималдығы аясында инфляциялық күтулерді басқару мақсатында ақша-кредит талаптары сипатының неғұрлым қатаң сипатқа өзгеруі жоққа шығарылмайды.

Ақша-кредит саясатының операциялық бағдары - TONIA индикаторы базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінің төменгі шекарасына жақын болуын ескере отырып, Ұлттық Банк ақша-кредиттік реттеудің операциялық тиімділігін арттыру мүмкіндігін де қарастырады. 2018 жылдың екінші жартыжылдығында дәліз шекараларын тарылту орындылығы мәселесі зерделенетін болады.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2018 жылғы 3 қыркүйекте Астана уақытымен сағат 17:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz